# Қазақстан Республикасы Үкіметінің адамды сатуға қарсы күрес, қылмысты болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 ақпандағы N 219 қаулысы

Адамды сатуға қарсы қарсы күрес, қылмысты болдырмау және оның алдын алу жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету және үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің адамды сатуға қарсы күрес, қылмысты болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері бір ай мерзімде адамды сатуға қарсы күрес, қылмысты болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2004 -2005 жылдарға арналған өңірлік жоспарларды әзірлесін және бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін орталық атқарушы және мемлекеттік органдар (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жыл сайын, ағымдағы жылдың 20 шілдесі мен 20 қаңтарынан кешіктірмей, Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы ақпарат ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын, ағымдағы жылдың 30 шілдесі мен 30 қаңтарынан кешіктірмей, Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 ақпандағы N 219 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің адамды сатуға қарсы күрес, қылмысты болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.01.28. N 73 қаулысымен.

| Р/с N | Іс-шара | Аяқталу нысаны | Орындауға жауаптылар | Орындалу мерзімі | Болжанып отырған шығыстар (мың теңге) | Қаржыландыру көздері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | БАҚ арқылы адамдарды сатуға қарсы күрес шара. ларын тық жариялау | Қазақстан Республи. касының Үкіметіне ақпарат. | МАСМ, ІІМ, СІМ, ҰҚК, Еңбекмині, Әділетмині, БҒМ, Қаржы- мині, ОӘҰК (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Жылына екі рет | Қаржылан. дыру талап етілмейді | - |
| 2 | Жоғары және орта кәсіби оқу орында. рының оқу бағдарлама. ларына адамдарды сатудың мәселелері бойынша арнайы курс енгізу | Қазақстан Республи. касының Үкіметіне ақпарат | БҒМ | 2004 жылғы 3-тоқсан | Қаржылан. дыру талап етілмейді | - |
| 3 | Қазақстан Республикасы. | Қазақстан Республи. | Әділетмині, ІІМ, СІМ, | 2004 жылғы | Қаржылан. дыру | - |

ның Адамдарды касының Бас прокура. 2-тоқсан талап
сатуға және Үкіметіне тура етілмейді
үшінші тұлға. ұсыныс (келісім
лардың бойынша),
жезөкшелікті ҰҚК
пайдалануына (келісім
қарсы күрес бойынша),
туралы конвен. КБА, ҚПА
цияға қосылуы
жөнінде ұсыныс
дайындау

4 ХЕҰ-ның Қазақстан Еңбекмині 2004 Қаржылан. -
Балалар еңбе. Республи. ІІМ жылғы дыру
гінің ең нашар касының 1-тоқсан талап
түрлеріне Үкіметіне етілмейді
тыйым салу ақпарат
және жою
жөніндегі
шұғыл шаралар
туралы конвен.
циясы бойынша
мемлекет
қабылдаған
міндеттеме.
лерді бұдан
әрі іске асыру
жөнінде шара.
лар қабылдау

5 БҰҰ-ның Қазақстан ІІМ, СІМ, 2004 Қаржылан. -
Ұлтаралық Республи. Әділетмині, жылғы дыру
ұйымдасқан касы Бас прокура. 4-тоқсан талап
қылмысқа қарсы Заңының тура етілмейді
конвенциясын жобасы (келісім
бекіту туралы бойынша),
Заң жобасын ҰҚК
әзірлеу (келісім
бойынша),
Қаржымині,
ҚПА

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | БҰҰ-ның Адамдарды сатудың, әсіресе әйел. дер мен бала. ларды сатудың алдын алу және болдырмау туралы және сол үшін жазалау және көшіп-қонушы. ларды құрлық, теңіз және әуе арқылы заңсыз әкетуге қарсы ұлтара. лық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясының Хаттамасына Қазақстан Республикасы. ның қосылуы жөнінде ұсыныс енгізу | Қазақстан Республи. касы Халықара. лық ұйым. дармен ынтымақ. тастық жөнінде Сарапта. малық кеңеске ұсыныс | ІІМ, СІМ, Әділетмині, Бас прокура. тура (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), КБА, ҚПА | 2004 жылғы 2-тоқсан | Қаржылан. дыру талап етілмейді | - |
| 7 | Халықаралық ұйымдармен бірлесіп, адамдарды сатудың құрбандарына көмек көрсету жөнінде дағда. рыс орталық. тарын құру жөнінде ұсыныс. тар дайындау | Қазақстан Республи. касының Үкіметіне ұсыныс | ІІМ, КДА, ДСМ, ОӘҰК (келісім бойынша), облыстар. дың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2004 жылғы 2-тоқсан | Қаржылан. дыру талап етілмейді | - |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | Адамдарды сатудың құрбандарын әлеуметтік оңалту жөнінде (әлеуметтік, құқықтық, медициналық, психологиялық көмек көрсету) ұсыныстар дайындау | Қазақстан Республи. сының Үкіметіне ұсыныс | ОӘҮК (келісім бойынша), Еңбекмині, ІІМ, Әділетмині, ДСМ, БҒМ | 2005 жылғы 1-тоқсан | Қаржылан. дыру талап етілмейді | - |
| 9 | Шетелдік жұмыс күшін тарту және жұмыс күшін Қазақстан Республикасы. нан әкету жөнінде нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру жөнінде ұсыныс. тар дайындау | Қазақстан Республи. касының Үкіметіне ұсыныс | Еңбекмині, Бас прокура. тура (келісім бойынша), КДА, ІІМ, Әділетмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2004 жылғы 3-тоқсан | Қаржылан. дыру талап етілмейді | - |
| 10 | Қазақстан Республикасы. ның азамат. тары, шетел. діктер болып табылатын балаларды асырап алу мәселелерін реттейтін заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар | Норматив. тік құқықтық кесімдер. дің жобалары | Әділетмині, БҒМ, СІМ, ОӘҮК (келісім бойынша) | 2004 жылғы 3-тоқсан | Қаржылан. дыру талап етілмейді | - |

енгізу жөнінде
ұсыныстар
даярлау
11 Сауданың Қазақстан СІМ, 2004 Қаржылан. -
құрбандарын Республи. ЭБЖМ, жылғы дыру
азаматтығы бар касының Қаржымині 3-тоқсан талап
мемлекетке Үкіметіне етілмейді
қайтару немесе ұсыныс
олардың
транзиті үшін
қаржы қаража.
тын бөлу
тетігі бойынша
ұсыныстар
дайындау
12 Басқа Қазақстан ІІМ, Бас 2004 Қаржылан. -
мемлекеттердің Республи. прокуратура жылғы дыру
азаматтары касының (келісім 3-тоқсан талап
болып табыла. Үкіметіне бойынша), етілмейді
тын адамдарды ұсыныс Әділетмині
сатудың
құрбандарын ҚР
аумағына келу
бөлігіндегі
заңнаманы
жетілдіру
жөнінде
ұсыныстар
дайындау
13 Адамдарды Қазақстан Әділетмині, Тұрақты Қаржылан. -
сатуға қарсы Республи. МАСМ, дыру
күрес саласын. касының СІМ, ІІМ, талап
дағы қызметті Үкіметіне Қаржымині, етілмейді
жүзеге асыра. ақпарат ЭСЖҚА,
тын ҮЕҰ-ға Еңбекмині,
жәрдемдесу Бас прокура.
тура
(келісім
бойынша),

О Ә Ұ К
(келісім
бойынша)

---

**Ескерту:** МАСМ - Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі; ІІМ - Ішкі істер министрлігі; СІМ - Сыртқы істер министрлігі; ҰҚК - Ұлттық қауіпсіздік комитеті; Еңбекмині - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; Әділетмині - Әділет министрлігі; БҒМ - Білім және ғылым министрлігі; ОӘҰК - Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия; ЭСЖҚА - Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы); КДА - Көші-қон және демография жөніндегі агенттік; ДСМ - Денсаулық сақтау министрлігі; ЭБЖМ - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі; Қаржымині - Қаржы министрлігі; БАҚ - Бұқаралық ақпарат құралдары; ҮЕҰ - Үкіметтік емес ұйымдар; БҰҰ - Біріккен Ұлттар Ұйымы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК